



Көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары

Тапсырыс берушінің БСН-і 000640001881
Тапсырыс берушінің атауы (мемлекеттік тілде) «№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесі
Тапсырыс берушінің атауы (орыс тілінде) «КТУ Общеобразовательная средняя школа №4 имени М.Ауэзова»
Қаржы жылы 2019

№ п/п	Сатып алу мәнінің түрі	Сатып алынатын қызметтердің мемлекеттік тілдегі атауы	Сатып алынатын қызметтердің орыс тіліндегі атауы	Көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік тілдегі сипаттамасы (сипаты)	Көрсетілетін қызметтердің орыс тіліндегі сипаттамасы (сипаты)	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Бір бірлігі үшін бағ, тенге	Сатып алу үшін бекітілген жалпы сума, тенге	Қызметтерді көрсету немесе тауарды жеткізу мерзімі	Қызметтерді көрсету немесе тауарды жеткізудің орны	Аванст ық төлемін ін мөлше рі, %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	«Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде демалатын аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаз оқушыларды тамақтандыруды қамтамасыз ету» конкурсы	«Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде демалатын аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаз оқушыларды тамақтандыруды қамтамасыз ету» конкурсы	Обеспечение питанием остроноголажившимся учащимся из числа малообеспеченных семей отдыхающих в пришкольных летних лагерях	«Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерьінде демалатын аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаз оқушыларды тамақтандыруды қамтамасыз ету» конкурсы	Обеспечение питанием остроноголажившимся учащимся из числа малообеспеченных семей отдыхающих в пришкольных летних лагерях	оқушы	20*12	580 тенге 00 КҚС тыын ҚҚС сыз	139200- 00 КҚС сыз	01.06.2019г.- 26.06.2019г.-көсе ағанда (1 поток - 12 дней 20 Учащихся, 2 поток - 12 дней 0 Учащихся)	«№4 М.Әуезова атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ-сі, Тұрғыба ауылы, мектеп асханасы	0

Орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды
тамақтандыруды ұйымдастыру
бойынша көрсетілетін қызметтерді
берушіні немесе тауарларды
жеткізушіні таңдау жөніндегі
үлгілік конкурстық құжаттамаға
1-қосымша

Көрсетілетін қызметті алушылар санатының тізбесі

«Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде демалатын аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларды тамақтандыруды
қамтамасыз ету» конкурс

Конкурсты ұйымдастырушы «№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ

№	Конкурсты ұйымдастырушының атауы	Білім беру ұйымындағы көрсетілетін қызметті алушылардың жалпы саны	Оның ішінде бюджет қаражаты есебінен тегін тамақтандыру мен қамтамасыз етілетін білім алушылар	Қызметті көрсету мерзімдері	Қызметті көрсету орны	Білім алушыларды тегін тамақтандыруды қамтамасыз етуге бюджет қаражаты есебінен бөлінген сома
1	2	3	4	5	6	7
1	«№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ-сі, Тұрғызба ауылы Бөкен би көшесі 409 ғимарат	20	20	Маусым 2019	«№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ-сі, Тұрғызба ауылы Бөкен би көшесі 409 ғимарат мектеп асханасы	139200 теңге 00 тиын (ККС-сыз)

Күні 06.05.2019ж.

«№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ директоры _____ Кабдрахманова С.Б.
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)

М.О.



Орта білім беру ұйымдарында білім
алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру қағидаларына
2-қосымша

**Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет берушіні таңдау жөніндегі үлгілік
конкурстық құжаттама**

**«Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде демалатын аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларды
тамақтандыруды қамтамасыз ету» конкурсы**
(конкурс атауын көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы «№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, почталық мекенжайы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылы, Бөкен би көшесі 409 ғимарат БСН:0006400011881, банктік деректемелер: ЖСК: KZ65070103KSN1509000, БСК: KKMFKZ2A, «ҚР Қаржы Министрлігі Қазынашылық Комитеті» РММ, байланыс телефондары: 8/71237/2-92-70, электрондық мекенжайы: auezov_4@mail.ru,

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс «Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде демалатын аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларды тамақтандыруды қамтамасыз ету» бойынша қызмет берушіні таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Көрсетілетін қызметті сатып алу жөніндегі осы конкурс (лот) үшін бөлінген сома 139200-00 теңгені құрайды (көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды) лоттарға бөлген жағдайда, әрбір лот үшін сома жеке көрсетіледі).

3. Осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметтерді алушылар санаттарының тізбесін;

2) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні немесе тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырманы (мектеп директоры мен Жылыой ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасымен бекітілген 2 апталық ас мәзірі);

3) осы конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

4) осы конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) осы конкурстық құжаттамаға 7 қосымшаға сәйкес таңдау өлшемшарттарды;

6) осы конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету туралы үлгілік шартты қамтиды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға өтінімімен қоса көрсетілетін қызметтер үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің қамтамасыз етуін төменде аталған нысандардың біреуімен енгізеді:

1) мынадай банк шотында ЖСК: KZ420705034648701001; БСК: KKMFKZ2A; Банк атауы: «ҚР Қаржы Министрлігі Қазынашылық Комитеті» РММ; БСН: 0006400011881 орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасы;

2) банктік кепілдік.

Қағидалардың 41-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі құжаттар пакетін 2019 жылдың 06 мамырдан сағат 10-00 ден бастап, 27 мамырына дейін сағат 12-00 мерзімге дейін конкурсты ұйымдастырушының «№4 М. Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ, почталық мекенжайы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылы Бөкен би 409 ғимарат мекенжайында орналасқан почталық мекенжайына жібереді немесе комиссияның хатшысы хатшысы Ахметкереева Үміт («№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ, есеп бөліміне) қолма-қол береді.

Құжаттарды әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, парактары нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні немесе тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға
3-қосымша

**Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау бойынша конкурстық
құжаттамаға техникалық тапсырма**

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет. Осы техникалық тапсырмада «№ 4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтің сәйкес келуі тиіс сандық және сапалық сипаттамалар беріледі.

Тамақтандыру 20 білім алушыға, оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінетін сома 139 200 теңгеге 20 білім алушыға ұсынылады.

«№ 4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру барысында негізгі максаттары мен міндеттері жас ерекшелігі бойынша тағам заттары мен қуатына физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес оқушыларды тиімді тамақтандырумен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру «№ 4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ-сі, Тұрғызба ауылы Бөкен би көшесі 409 ғимарат мектеп асханасында жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызмет беруші ас әзірлейтін бөліктің және оның қызметкерлерінің жұмысына басшылық жасайды, сондай-ақ тамақ дайындау технологиясына, азық-түліктерді салудың, порциялардың шығу нормасының сақталуына, білім алушыларға өнімдер мен тағамдардың берілуіне және жеткізілетін азық-түліктердің сапасына, оны сақтау және тарату қағидаларының сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызмет беруші ас әзірлейтін бөлікте, өндірістік және қойма бөлмелерінде санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық қағидаларды сақтауды қамтамасыз етеді.

Өнім беруші білім беру ұйымының Санитарлық қағидалармен бекітілген нысан бойынша дайын өнімнің сапасына (бракераж) бақылау журналын жүргізуге жағдайды қамтамасыз етеді.

Тағамдардың, тамақ өнімдерінің және аспаздық бұйымдардың тұтынушылық қасиеттері, олардың органолептикалық ерекшеліктері, технологиясы және дайындау жағдайлары балаларға арналған тағам өнімдерінің қауіпсіздігі бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес болуы тиіс.

«№ 4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ММ-сінің асханасына және (немесе) буфетіне тағамдарды мектептік тамақтандырудың базалық ұйымдарынан жеткізілген жағдайда тиісті температураны сақтауды қамтамасыз ететін арнайы ыдыстар (термоконтейнерлер) қолданылады.

Мектеп директоры Кабдрахманова Сымбат Едігеевна бекіткен білім алушыларды тамақтандырудың белгіленген тәртібіне сәйкес бірінші ауысым үшін білім алушыларға _____ (уақытын және үзілісті көрсету), екінші ауысым үшін _____ (уақытын және үзілісті көрсету) ыстық тамақ ұсынылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес буфет өнімдерін тарату үшін жағдайлар жасалады.

Дайын аспаздық өнімдер мен тамақ өнімдерін тарату сағат _____ (асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақытын көрсету) жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызмет беруші ай сайын _____ (орта білім беру ұйымы басшысының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету) тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын

құжаттарды қоса бере отырып, білім алушылар үшін пайдаланатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы мәлімет ұсынады.

Әлеуетті өнім беруші шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде міндетті түрде бекітеді.

Тамақтанудың іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективалы мәзірге сәйкес келуі тиіс. Санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес, ерекше жағдайларда бір өнімді, тағамды және аспаздық бұйымдарды басқаларымен ауыстыруға жол беріледі.

Жекелеген оқушыларға жеңіл (емдәм) тамақтандыру ұйымдастырылады.

Көрсетілетін қызмет беруші тағамды дайындау технологиясын және дайын тағамдарды каллориялығына сәйкестігін сақтау үшін ас әзірлейтін бөліктерде бірыңғай тағамды дайындау картотекасының бар болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдар картотекасын пайдалану арқылы тамақты дайындау жүзеге асырылады, онда өнімдердің таратылуы, тағамдардың түсімі, әр тағамның құрамы туралы және оның тағамдық құндылығы (ақуыздың, майлардың, көмірсулардың, витаминдердің болуы) және әр тағамның (аспаздық бұйымның) энергетикалық құндылығы (калориялығы) мен әр тамақты қабылдау жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Асхананың ас әзірлейтін бөлігінде тағамдарды және аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыруды өндіріс менеджерісі қамтамасыз етеді.

Ас әзірлейтін бөлікте санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес қажетті құжаттама болуы тиіс (тамақ өнімдерінің және азық-түлік шикізатының бракераждар, дайын аспаздық өнімдердің журналдарын, денсаулық журналын, тағамдарды витаминдеуді жүргізу, температура режимін, тоназытқыш жабдықтарын есепке алу журналдарын, мәзірді, тағамдарды дайындаудың технологиялық карталарын, тамақ өнімдеріне кіріс құжаттарын, жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттарын (жөнелтпе құжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәлігі, ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттар, ұсыныс-пікірлерге арналған кітап және тағы басқалары) атап көрсету).

Өнім берушіде ас әзірлейтін бөліктің әр қызметкеріне жұмысқа рұқсатымен медициналық кітапшалары бар.

Өнім беруші бар технологиялық, тоназытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтардың жөнділігін және уақытылы мемлекеттік тексерілуін (өлшем құралдары үшін) қамтамасыз етеді.

Отандық қызмет көрсетушілерді, тауар өндірушілерді қолдау үшін өнім беруші тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде тамақ өнімдерінің кемінде 80% (сексен пайызын) отандық қызмет көрсетушілерден, тауар өндірушілерден сатып алады.

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтің әлеуетті өнім берушісінің өтінімдері, егер:

1) "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;

2) егер әлеуетті өнім берушінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары және (немесе) аталған әлеуетті өнім берушінің өкілі өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

3) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса;

4) бір тенге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) болса қабылданбайды.

Тауарларды жеткізу. Техникалық тапсырмада жеткізілетін тауарларға сәйкес болуы тиіс сатып алынатын тауарлардың толық сипаты және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары беріледі, кепілдік мерзімі, шығару орны көрсетіледі.

Тауарларға берілетін техникалық тапсырмада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамаларын сипаттау функционалдық шектерді, техникалық сипаттама параметрлерін, үздік сипаттаманы айқындау мақсатында тауардың мақсатын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуге тиіс.

Сатып алынатын өнімдер тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін өнім беруші тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде тамақ өнімдерінің кемінде 80% (сексен пайызын) тауар өндірушілерден сатып алады.

Тауарлардың әлеуетті өнім берушісінің өтінімдері, егер:

1) "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;

2) егер әлеуетті өнім берушінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары және (немесе) аталған әлеуетті өнім берушінің өкілі өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

3) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса;

4) бір тенге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) болса қабылданбайды.

Күні 06.05.2019ж.

Білім беру ұйымы басшысының қолы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)

М.Ө.



Рафия С. Кабдужаханова

Орта білім беру ұйымдарында білім
алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру қағидаларына
4-қосымша

Конкурс туралы хабарландыру

«№ 4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, почталық мекенжайы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылы Бөен би көшесі 409 ғимарат, электрондық мекенжайы: auezov_4@mail.ru

орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет берішіні таңдау жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарлайды.

«Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде демалатын аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларды тамақтандыруды қамтамасыз ету»

Қызмет: «№ 4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің асханасында, тамақтандыру 20 білім алушыға, оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінетін сома 139200-00 теңгеге 20 білім алушыға ұсынылады.

Қызметті көрсету мерзімі: 01.06.2019ж. - 26.06.2019ж. қоса алғанда.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін барлық әлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберіледі.

Конкурстық құжаттама көшірмелерінің топтамасын 2019 жылдың 06 мамырдан сағат 10-00 ден бастап, 27 мамырына дейін сағат 12-00 дейінгі мерзімді қоса алғанда мына мекенжай бойынша: «№ 4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, почталық мекенжайы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылы Бөен би көшесі 409 ғимарат есеп бөлімінен немесе <http://4-zhylyoi.edugov.kz> интернет-ресурсынан алуға болады.

Конвертке салынған конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер «№ 4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ- не мына мекенжай бойынша : Атырау облысы, Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылы Бөен би көшесі 409 ғимарат-қа жібереді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі 2019 жылдың 27 мамыры сағат 12-00 ге дейін.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттер 2019 жылдың 27 мамыры күні сағат 14-00 ден 18-00, мына мекенжай бойынша : Атырау облысы, Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылы Бөен би көшесі 409 ғимарат басшы кабинетінде ашылады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 8 /71237/ 29270.

Орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды
тамақтандыруды ұйымдастыру
бойынша қызметті немесе
тауарларды жеткізушіні,
сонымен қатар мектепке дейінгі
ұйымдарында, жетім балалар
мен ата-аналарының
қамқорлығынсыз қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарында тәрбиеленетін
және білім алатын балаларды
тамақтандыруды қамтамасыз
етуге байланысты тауарларды
берушіні таңдау жөніндегі
үлгілік конкурстық
құжаттамаға
4-қосымша

нысан

Конкурсқа қатысуға өтінім (заңды тұлғалар үшін)

Кімге _____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен _____

(әлеуетті өнім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

1. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, почта мекенжайы және байланыс телефондары

Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы

Заңды тұлғаның бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Заңды тұлға "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде бар ма

Заңды тұлғаның басшысында және (немесе) аталған заңды тұлғаның өкілінде өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болатын жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары бар ма не олар өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады ма

Заңды тұлғаның резиденттігі

2. _____

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен _____

(конкурстың толық атауы)

конкурсқа әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес

(қажетін көрсету керек)

қызмет көрсетуді жүзеге асыруға келісім береді.

3. _____

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. _____

(заңды тұлғаның толық атауы)

конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқықтық қабілеті, біліктілігі, сапалық және

_____ көрсетілетін қызметтердің (қажетін көрсету керек)

өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім 45 күн ішінде қолданылады.

6. _____

(заңды тұлғаның толық атауы)

жеңімпаз деп танылған жағдайда, біз шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың

жалпы сомасының кемінде үш пайызын құрайтын сомда енгізуге міндеттенеміз.
7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің араздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.
Күні Басшының қолы _____
(тегін, атын, әкесінің лауазымын көрсету)

М.О.

Орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды
тамақтандыруды ұйымдастыру
бойынша қызметті немесе
тауарларды жеткізушіні,
сонымен қатар мектепке дейінгі
ұйымдарында, жетім балалар
мен ата-аналарының
қамқорлығынсыз қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарында тәрбиеленетін
және білім алатын балаларды
тамақтандыруды қамтамасыз
етуге байланысты тауарларды
берушіні таңдау жөніндегі
үлгілік конкурстық
құжаттамаға
5-қосымша

нысан

Конкурсқа қатысуға өтінім (жеке тұлға үшін)

Кімге _____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен _____

(әлеуетті өнім берушінің толық атауы)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (№, кім берген)

Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің тіркелген мекенжайы

Тіркеу туралы куәліктің, патенттің не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурс мәніне сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін өзге де құжаттың нөмірі

Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің банктік деректемелері (СТН, БСН, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы

Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің байланыс телефондары, почта мекенжайы мен электрондық почта мекенжайы (болған жағдайда)

Жеке тұлға "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде бар ма

Жеке тұлғада және (немесе) аталған жеке тұлғаның өкілінде өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болатын жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары бар ма не олар өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады ма

Жеке тұлғаның резиденттігі

2. _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі)
осы өтініммен конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуді (қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)
осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)
конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (қажеттісін көрсету) дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

(әлеуетті өнім берушінің атауы) осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарды мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім 45 күн ішінде қолданылады.

6. _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, біз шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгізуді міндеттенеміз (егер де конкурстық құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні Басшының қолы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)

М.О.

Орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды
тамақтандыруды ұйымдастыру
бойынша қызметті немесе
тауарларды жеткізушіні,
сонымен қатар мектепке дейінгі
ұйымдарында, жетім балалар
мен ата-аналарының
қамқорлығынсыз қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарында тәрбиеленетін
және білім алатын балаларды
тамақтандыруды қамтамасыз
етуге байланысты тауарларды
берушіні таңдау жөніндегі
үлгілік конкурстық
құжаттамаға
6-қосымша

нысан

Әлеуетті өнім берушінің қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырады)

1. Әлеуетті өнім берушінің атауы _____
2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсету үшін _____
(атауын, әлеуетті өнім берушінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету)
әлеуетті өнім берушіде қажетті штат қызметкерлері бар.
Қызметкерлердің жалпы саны _____ құрайды, оның ішінде растайтын құжаттарының көшірмелері қоса берілген _____ аспазшы, _____ технолог, _____ диетолог және _____ басқа қызметкерлерді құрайды.

Қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Білімі (арнайы орта, техникалық және мерзімді курстар) және мамандығы (диплом №)	Білімі (қысқа мерзімді курстар) және біліктілігі (жұмыс және біліктілігі жұмыс)	Атқаратын жұмыс	Мамандығы бойынша еңбек өтілі	Біліктілікті арттыру курстары туралы мәліметтер	Жұмыс істеуге рұқсат берілгендігі туралы мәліметтер (рұқсат беру туралы белгісі бар медициналық кітапшалардың көшірмелері)
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы						

3. Растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, _____ соңғы бес жыл ішінде конкурста (әлеуетті өнім берушінің атауын көрсету)
бұған дейін қоғамдық тамақтану саласында көрсетілген қызмет көлемі

Көрсетілген қызметтердің атауы	Тапсырыс берушілердің атауы	Қызметтерді көрсету орны және жылы
1	2	3

4. Әлеуетті өнім беруші қызмет көрсету үшін ресурстардың бар екені туралы қосымша мәліметтерді көрсетеді.
Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.
Күні _____
Басшының қолы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)
М.О.

Әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші тауарларды сатып алу кезінде толтырады)

1. Әлеуетті өнім берушінің атауы _____
2. Конкурста сатып алынатын, әлеуетті өнім берушінің бұған дейін жеткізген (шығарған) осындай тауарлардың көлемі (болған кезде), теңгемен _____

Тауардың атауы	Тапсырыс берушілердің атауы және олардың телефон нөмірлері	Тауарды жеткізу орны және күні	Шарттың құны, теңге (әлеуетті өнім берушінің қарауы бойынша)
1	2	3	4

3. Ұсынымдар туралы мәліметтер, олар болған кезде. Басқа заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттарын, пікірлерін тізбелеп көрсету және қоса беру қажет.

Барлық мәліметтердің дәйектілігін растаймын.

Қолы _____

Күні

Басшының қолы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)

М.О.

Орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды
тамақтандыруды ұйымдастыру
бойынша қызметті немесе
тауарларды жеткізушіні,
сонымен қатар мектепке дейінгі
ұйымдарында, жетім балалар
мен ата-аналарының
қамқорлығынсыз қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарында тәрбиеленетін
және білім алатын балаларды
тамақтандыруды қамтамасыз
етуге байланысты тауарларды
берушіні таңдау жөніндегі
үлгілік конкурстық
құжаттамаға
7-қосымша

Көрсетілетін қызмет берушіні таңдау өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар	Балдар
1	Қызмет нарығында жұмыс тәжірибесі (10 балдан артық емес)	Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі - әр жылға 0,5 балдан
2.	Экологиялық менеджмент жүйесін қанағаттандыратын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын сәйкестік сертификатының бар болуы	Жоқ (0 балл)
3.	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын менеджмент сапасы жүйесі сертификатының бар болуы	Жоқ (0 балл)
4.	Аспазшылардың біліктілігі (10 балдан аспайды)	Арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 3 разряд (1 балл)
5.	Технологтың (қоғамдық тамақтану саласында), диетологтың болуы (2 балдан аспайды)	Бір маман ғана бар (1 балл)
6.	Технолог біліктілігі бар өндіріс меңгерушісінің болуы (қоғамдық тамақтану саласында), (1 балдан аспайды)	Бар (1 балл)
7.	Конкурс ұйымдастырушысының техникалық тапсырмаға тіркеген перспективтік ас мәзіріне (1 балл)	10-нан кем ас атауы (1 балл)
	Санитариялық қағидаларға сәйкес шығарылатын өнімнің	10-нан 30-ға дейін ас атауы (2 балл)
		30-дан 50-ге дейін ас атауы (3 балл)

	ассортименттік тізбесінің болуы					
8.	100% қызметкерде жұмысқа рұқсаты бар болуы (1 балдан аспайды)	Бір қызметкерде жоқ (0 балл)	Барлық (1 балл)	қызметкерде		бар
9.	Отандық өндірушілерден сатып алынатын тамақ өнімдерінің көлемі (3 балдан аспайды)	85-тен 90 %-ға өнімдер (2 балл)	90-нан (3 балл)	100%-ға дейін		өнімдер
10.	Мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру барысында пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа немесе фермерлік қожалығы, жылыжай және басқалары) (2 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (2 балл)			
11.	Тамақты дайындаудың технологиялық картасының болуы (1 балдан аспайды)	Қолданылмайды (0 балл)	Қолданылады (1 балл)			
12.	Ұсынылатын қызметтің тиісті сапасын қамтамасыз ететін тағамдарды дайындау кезінде жеке қуат үнемдеуші жабдықтарды пайдалану (2 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Ішінара (1 балл)	Толық (2 балл)	көлемде	бар
13.	Тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша аспазшылардың біліктілігін көтеру туралы сертификаттың болуы (1 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)			
14.	Өндірістік бақылау жоспарының болуы (1 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)			
15.	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсеткен білім беру ұйымдары ата-аналар комитеті төрағаларының қолы, мектептер директорларының қолы қойылған және мөрімен бекітілген көрсетілетін қызмет берушіге ата-аналар тарапынан берілген сипаттамалардың болуы (3 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (әр сипаттамаға 1 балдан, бірақ 3 балдан аспайды)			
16.	Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өткізілетін тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында, астанада тіркелуінің бар болуы	Жоқ (0 балл)	Тіркелген (3 балл)			

Ескертпе: 1-тармақ бойынша білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесінің бар болуы бұған дейін жасасқан шарттармен расталады, 4-тармақта әр маманға

балдар қойылады, 10-тармақ бойынша балдарды қою үшін алдағы жылы өндірілген азық-түлікті алуға жасасқан шарттар туралы мәліметтер қолданылады, 14-тармақ бойынша жабдықтарға құқық белгілеуші құжаттарды ұсыну қажет (жабдық паспорты, төлем құжаттары және басқасы)

Орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды
тамақтандыруды ұйымдастыру
бойынша қызметті немесе
тауарларды жеткізушіні,
сонымен қатар мектепке дейінгі
ұйымдарында, жетім балалар
мен ата-аналарының
қамқорлығынсыз қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарында тәрбиеленетін
және білім алатын балаларды
тамақтандыруды қамтамасыз
етуге байланысты тауарларды
берушіні таңдау жөніндегі
үлгілік конкурстық
құжаттамаға
8-қосымша

Тауарларды берушіні таңдау өлшемшарттары

№	Өлшемшарттар	Балдар
1.	Конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы жұмыс тәжірибесі	Әр жылға 1 балдан, бірақ 10 балдан аспайды
2.	Отандық тауар өндірушілер үшін тауарларды ерікті түрде сертификаттау туралы құжаттың бар болуы	Жоқ (0 балл) Бар (1 балл)
3.	Ұлттық стандарт талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) бар болуы	Жоқ (0 балл) Бар (1 балл)
4.	Ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың бар болуы	Жоқ (0 балл) Бар (1 балл)
5.	Отандық өндірушілерден сатып алынатын тамақ өнімдерінің көлемі (3 балдан аспайды)	85-90%-ға дейін өнімдер (2 балл) 90-ден 100%-ға дейін өнімдер (3 балл)
6.	Мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру барысында пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы (шаруа немесе фермерлік қожалығы, жылыжай және басқалары) (2 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл) Бар (2 балл)
7.	Азық-түлікті арнайы көлікпен жеткізу шарттары (3 балдан аспайды)	Жалдап алу, өтеусіз пайдалану, лизинг және басқа шарттар негізінде көліктің болуы (2 балл) Жеке көлігінің болуы (3 балл)
8.	Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізілетін тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында, астанада тіркелуінің бар болуы	Жоқ (0 балл) Бар (3 балл)

Ескерту: 1-тармақ бойынша тәжірибе бұған дейін жасасқан шарттармен расталады. 5-тармақ бойынша балл қою үшін алдыңғы жылы өндірілген өнімдерді сатып алу туралы жасасқан шарттардың деректері қолданылады.

Орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды
тамақтандыруды ұйымдастыру
бойынша қызметті немесе
тауарларды жеткізушіні,
сонымен қатар мектепке дейінгі
ұйымдарында, жетім балалар
мен ата-аналарының
қамқорлығынсыз қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарында тәрбиеленетін
және білім алатын балаларды
тамақтандыруды қамтамасыз
етуге байланысты тауарларды
берушіні таңдау жөніндегі
үлгілік конкурстық
құжаттамаға
9-қосымша

Үлгілік шарт

_____ " _____ Ж.
(өткізілетін орын)

_____ бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын көрсету) _____ (басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____, (жеткізушінің толық атауы - конкурстың жеңімпазы) бұдан әрі Жеткізуші деп аталатын, _____, екінші тараптан _____ негізінде әрекет ететін (жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәлік, жарғы және басқалар) басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), көрсетілетін қызметті немесе тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттама негізінде " _____ 20 _____ жылы қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге (сомасын цифрлармен және жазумен көрсетуі) мөлшеріндегі сомаға, оның ішінде ҚҚС (ҚҚС сомасын цифрлармен және жазумен көрсету)/ҚҚС қоспағанда (бұдан әрі - Шарттың бағасы) білім беру ұйымында білім алушыларды, оның ішінде білім алушылардың жекелеген санаттарын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуді немесе тауарларды жеткізуді міндетіне алады.

2. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "Дүлей күш (форс-мажор)" - төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың рынокта болмауы жатпайды.

2) "Көрсетілетін қызмет" - өндіріс процесі және тауарлар мен аспаздық өнімдерді өндіруді қосқанда орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұсыну;

3) "Тапсырыс беруші" - орган немесе орта білім беру ұйымы;

4) "Тауар" - орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауар;

5) "Өнім беруші" - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін тұлға;

6) "Шарт" - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

7) "Шарттың бағасы" Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді.

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік артпайды.

3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар, осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) техникалық тапсырма;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

4. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (банктік кепілдеме, кепілдік ақшалай жарна төлеу) Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларында көзделген жағдайларда енгізеді.

5. Өнім берушінің үшінші тұлғалардың тұтастай не Шартты қамтамасыз етуді орындау құқығының, оның ішінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Өнім беруші енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдалануына жол берілмейді.

6. Шарт бөлінген қаражат шегінде тиісті қаржы жылында міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады және шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда екі реттен көп емес ұзартылады.

7. Өнім беруші қызметті көрсетуді немесе тауарды жеткізуді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмаға сәйкес білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы _____ санда (балалар санын көрсету) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарды қабылдауды және төлеуді міндетіне алады.

Ақы төлеу нысаны _____ (аударым, қолма-қол есеп айырысу)

8. Төлеу мерзімі _____

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: _____

(шот-фактура немесе қабылдау-табыстау актісі)

10. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз қандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа адам берген құжаттаманы немесе ақпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

11. Өнім берушінің орта білім беру ұйымдарында тегін тамақтандыруды алуға құқығы бар білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметке немесе тауарды жеткізуге ақы төлеуді көрсетілетін қызметті іс жүзінде орындау нәтижелері бойынша осы Шарттың _____ тармағында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізіледі.

12. Бір мәрте мектептік тамақтандырудың құны _____ теңгені құрайды.

13. Өнім беруші қызмет көрсетуді немесе тауарды жеткізуді Шартта белгіленген мерзімге сәйкес жүзеге асырады.

14. Өнім беруші тарапынан қызметті орындауды кешіктіру Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап, қызметті уақытылы орындамағаны немесе заңнамада қарастырылған басқа шаралар үшін тұрақсыздық айыбын төлетіп, Тапсырыс берушінің Шартты бұзуына негіз болып табылады.

15. Егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде қызметтерді көрсетпесе, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

16. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Жеткізуші Шартта көзделген мерзімдерде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде қызметтің бір бөлігін көрсетпесе немесе тауардың бір бөлігін ұсынбаса немесе барлық қызметті немесе барлық тауарды ұсынбаса;

2) егер Жеткізуші Шарт бойынша өзінің қандай да бір міндеттемелерін орындамаса, оның ішінде конкурс кезінде көрсетілген ас блогы қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамы сәйкес келмеген кезде осы Шартты бұзады.

17. Дүлей күш жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге бір жұмыс күн ішінде мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және дүлей күшке байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

18. Өнім беруші, осы Шарттың 17-тармағының талаптарын орындаған кезде егер Шартты орындауды кешіктіру дүлей күш нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

19. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші төлеуге қабілетсіз болса немесе Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енсе, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу залал келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе соңынан қойылатын санкцияларды қолданатын жағдайда Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

20. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күні көрсетіледі.

21. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім берушіге Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы төленеді.

22. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсайды.

23. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешеді.

24. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

25. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, кейін түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат немесе факс түрінде жіберіледі.

26. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе), бұл күндердің қайсысы кеш болатындығына байланысты күшіне енеді.

27. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

28. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

29. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркеуден өткізгеннен кейін күшіне енеді.

Білім беру ұйымдарында тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар жоқ болған жағдайда әлеуетті өнім беруші шарттың жалпы сомасының үш пайызынан кем емес мөлшерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбейді.

30. Осы Үлгілік шарт орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет көрсетуді немесе тауарларды сатып алуды Тапсырыс беруші жүзеге асыру процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Шартқа өзгерістер енгізуге мынадай жағдайда рұқсат беріледі:

1) тапсырыс берушінің мәзірді жақсартуы (тамақтану рацион ұлғайту) және өнім берушіні таңдауға негіз болған сапа өзгермейтін жағдайда және басқа да жағдайларда тараптардың өзара келісімі бойынша тиісінше соманы көбейту;

2) тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар санының өзгеруі.

Осы шартқа енгізілетін басқа да өзгерістер мен толықтырулар Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамаларына, Өнім берушінің конкурстық құжаттамасына және конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуы тиіс.

31. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші (толық атауы)	Өнім беруші (толық атауы)
(мекен-жайы)	(мекен-жайы)
(телефоны, факс)	(телефоны, факс)
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))	(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
(қолы)	(қолы)
" " _____ МП	ж. " " _____ МП

Аумақтық қазынашылық органында тіркеу күні _____.